

Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмысының сараптамасы.

Мақсаты: мектеп-гимназия оқушыларымен, ата-аналарымен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және аз қамтамасыз етілген, көп балалы, жартылай жетім, толық емес отбасы балаларына әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, құқық бұзуға бейім балалармен жұмыс, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері:

- Мектеп білім алушыларының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру;
- «Бала-отбасы-мектеп» моделіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;
- Білім алушылардың құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан-жақты дамуын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.

Жұмыс объектісі : оқушылар, олардың ата-аналары және сынып жетекшілері.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:



Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Мектептің әлеуметтік паспорты.

Жалпы оқушы саны 1-11	3425
Бастауыш сыныптар 1-4	1240
Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны	592
Аз қамтылған жанұядағы бала саны	13
Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны	8

Мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны	42 (16 үйде оқиды)
Тегін тамақ ішетін балалар саны 1-4	1240
Тегін тамақ ішетіндер саны- 5-11	2
Буфеттік жүйеде тамақтанатын оқушылар саны	2700

Жалпыға міндетті оқыту.Мектепке жол.

Оқу жылының басында тамыз –қыркүйек айларында Республикалық «Жалпыға міндетті оқыту»,«Мектепке жол» акциясы жүргізілді. Астана қаласы білім бөлімінің 11.07.2024 жылғы №1263 бұйрығының негізінде мектеп-гимназия бұйрығы жасалды.Әлеуметтік көмекті қажет ететін 13 оқушыға жалпы оқу қорынан көмек көрсетіліп, кеңсе тауарлары мен оқуға қажет киім–кешекпен қамтамасыз етілді. Оқушылардың құжаттары рәсімделіп, ата-аналардың банктің арнайы есеп шоттарына бір оқушыға – 43407теңге ақшалай аударылды.



01.08.2024-30.09.2024 аралығында Республикалық «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, АӘК алмайтын құжаттарын рәсімдеуде тізімге ілікпеген аз қамтылған,мүмкіндігі шектеулі, көп балалы отбасының балаларына мектепке қажетті киім-кешек, портфельдер таратылды.Есіл ауданы әкімдігі 10 оқушыны портфельдермен қамтыды.



Бәсекеге қабілетті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатын, тілін, дінін құрметтейтін, елінің нағыз патриоты бола алатын тұлғалар қалыптастыру, оқушылардың бойындағы білімге деген құштарлықты, еңбекке деген сүйіспеншілікті дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, жас ата -аналарға психологиялық көмек көрсету, сенімдерін арттыру мақсатында әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары жасалып, оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізілді.

Жыл басында әр сынып жетекші сыныбының әлеуметтік құжаттарын толтырып, барлық сыныптардағы аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары, жетім балалар анықталды.

Мектеп-гимназия асханасындағы тамақтануды ұйымдастыру.

«Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету құжаттары жинақталып, қамқорлыққа алынған, аз қамтылған отбасының 2 оқушысы тегін тамақтану тізіміне ұсынылды. Осы оқушылар қыркүйек-мамыр айларында тегін тамақпен қамтылды. Тегін тамақтану барысында оқушылар АПК жүйесі арқылы белгіленіп отырды.

Мектеп-гимназияда 1-4 сынып оқушыларының тегін тамақтануын ұйымдастыру мақсатындағы жұмыс жүйелі жолға қойылған. ҚББ «Тамақтануды ұйымдастыру туралы» №ПР 8014, 02.09.2024 жылғы бұйрығы негізінде мектеп-гимназия бұйрығы жасалды. 1-4 сыныптың 1243 оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Мектеп-гимназия тамақтану сапасына мониторинг жүргізу (бракераждық) комиссиясы құрылып, ай сайын тамақтың нәрлілігі мен үйлесімділігі қаралып, санитарлық нормалардың сақталуына қадағалау жасалды. Комиссия мүшелері тамақ өнімі сапасын, күнделікті мәзірдің перспективалық мәзірге сәйкестігін, дайын өнім сапасын қарап, бақылау тағамының қойылуын қарады.



Құқық бұзушылықтың алдын-алу.

Мақсаты: Құқық бұзушылық пен қылмыстық әрекеттердің алдын-алу жеке тұлғаны адамгершілік рухани жағынан дамыту.

Қыркүйек айында 1-4 сыныптармен «Қауіпсіз жол!» тақырыбында дәрістер өткізіліп, қызықты қойылымдар көрсетіліп, жол ережелері түсіндірілді.

9-11 сынып оқушыларына «Мектеп ережесін сақтайық», «Әкімшілік құқық бұзушылық» тақырыбында Есіл ауданы ІІБ қызметкері, полиция капитаны Нургалиева А. әлеуметтік педагогтар бірлесе сұхбаттар өткізіп, сабаққа кешікпеу, себепсіз сабақтан қалмау керектігін айтып, мектеп-гимназия әкімшілігі қымбат заттарға, ұялы телефондарға жауапкершілік алмайтындығын ескертті. Оқушылардың мектеп-гимназиядағы қауіпсіздігі тақырыбында дәріс оқыды.



Әлеуметтік педагогтар 6е, 6н, 5и, 7м, 7л, 7б, 6в, 7б, 6л, 6д, 6б, 5б, 6м, 7ж, 7з, 5а, 6а сыныптарында мектеп-гимназия ережесі, сабақ уақытында мұғалімнің рұхсатынсыз сабақтан шығуға, сабақтан себепсіз қалуға болмайтындығын айтты.

8а, 8ж, 8л, 8в, 8з, 8к, 9к, 9б сыныптарында да мектеп ережесі тақырыбында дәріс өткізіліп, мектеп қызметкерлерінің құқығын құрметтеп, күн тәртібін және гигиеналық талаптарды орындау, бір-бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым-қатынаста болу керектігі айтылып, жаман әдеттерден аулақ болуы тиіс екендігі түсіндірілді.



Жоспар бойынша «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Біз құқықты қалай түсінеміз?», «Өз құқығың өз қолыңда» тақырыбында дәрістер өткізіліп, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор Есіл ауданы ІП қызметкері, полиция майоры Құдайбергенова А.С., әлеуметтік педагогтармен 7-8 сынып оқушыларына дәрістер оқыды.

Мақсаты: Оқушы бойына жақсы қасиеттерді қалыптастыру, салауатты өмір сүруге дағдыландыру, әкімшілік құқықтық баптармен таныстыру. Балаларға мектеп-гимназия ережесін сақтап, түнгі уақытта 22.00-6.00 дейін заңды өкілдерінсіз далаға шығуға болмайтындығы ескертілді.

Ал жоғары 8-9 сынып оқушыларымен жасөспірімдер жөніндегі инспектор Махамбет Р.Б., директордың тәрбие ісі орынбасары Пазилова Г.М., әлеуметтік педагогтар «**Вэйп сигарет**» тақырыбында дәріс өткізді. Бұл іс шарада оқушылар зиянды заттардың (есірткі, темекі, алкоголь) адам ағзасына тигізетін зияны туралы ой талқылады. Зиянды заттардан аулақ болу керектігі жасөспірімдерге ескертіліп, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену керектігі айтылды. Оқушылар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын ішкі істер қызметкеріне қойып, жауап алды.

Есіл ауданы бөлім прокуроры Ахметжанова Г.Г. кәмелет жасқа толмағандардың арасындағы нашақорлыққа қатысты фактілерді баяндап, бейне роликтер көрсетіп, сұрақтарға жауап берді.



7-9 сыныптарда әлеуметтік педагогтар «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында дәріс өткізді. Оқушыларға бір-біріне жәбірлеп, ауыртпалық көрсетпеу, интернетте, әлеуметтік желілерде қудалау, қорқытуға болмайтындығы түсіндірілді. Оқушыларға қорлау, ренжіту, интернет арқылы әлімжеттік көрсетілсе ата-анасына, мұғалімге, 111 желісіне хабарлау керектігі ескертілді.

Құқықтық кеңес отырысы өткізіліп, оған 9д, 9е, 9и, 8л, 5е, 11и сынып ата-аналары, оқушылары шақырылып, кеңес берілді.



Оқушылардың тұрғын-тұрмыстық жағдайын анықтауда 10ж сынып оқушысы Аксанбаева Ләйсан, 8и сынып оқушысы Утенков Никита, Нам Артур 8в сынып оқушысы, Алпатов Лев, 8ж сынып оқушысы, 8ж сынып оқушысы Қыдырбаева Ева, 11и сынып оқушысы Азенова Камила, 5е сынып оқушысы Төлеуханов Амирхан, 11б сынып оқушысы Ақтанберлина Айханым, 10ж сынып оқушысы Низамов Карим, 11и сынып оқушысы Тұяқова Адия, 10е сынып оқушысы Ибраева Алиналардың үйлеріне барып, тұрғын-тұрмыстық актілері жасалып, ата-аналарымен пікір алысылып, кеңес берілді. Қамқорлыққа алынған 7 оқушының, көп балалы, аз қамтылған отбасын 5 оқушысының, мүмкіндігі шектеулі 4 оқушының үйлеріне барып, тұрғын-тұрмыстық актілері жасалды.



Сабақ барысы кездеріндегі, үзіліс кездеріндегі оқушылар тәртібі қадағаланып, ұсақ тәртіп бұзған оқушылармен, олардың ата-аналарымен жүйелі жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді. Сынып жетекшілермен тығыз байланыс орнатылған, оқушылардың мектеп қабырғасындағы өмір қауіпсіздігіне жауапкершіліктері ескертіліп, оқушылармен туындаған тәртіп мәселесіне байланысты сұрақтар бірлесе шешілуде.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, патронаттық тәрбиедегі оқушылармен жұмыс.

2024-2025 оқу жылында мектеп-гимназия бойынша жетім-1, патронаттық тәрбиеде-1, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған-5 оқушы тіркелді. Оқушылардың құжаттары рәсімделіп, тұрғын-тұрмыстық актілері жасалды.

2024 жылдың 29 қазанында №75 мектеп-гимназиясында «Қамқоршылар күні» мерекесіне орай іс-шара ұйымдастырылды. Бұл мерекелік іс-шараға мектеп-гимназия бойынша қамқоршылар шақырылды. Қамқоршылар- әлемдегі ең мейірімді, балалардың өз өміріндегі ең маңызды нәрсе – отбасы, жылулық, махаббат пен қамқорлыққа бөлейтін, балаларға болашаққа деген сенімділік беретін, еңбексүйгіштікке баулитын, жоғары нәтижелерге жетуге талпындыратын, адамдарға мейірімді болуды үйрететін жандар.

Біздің қоғамға мейірімділіктің жан жомарттығын танытқаны үшін қамқоршылар мектеп-гимназия директоры Г.А. Жусупованың алғыс хатымен марапатталды.



НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІ аясында 1д және 4м сынып оқушыларымен **15 наурыз - Қайырымдылық күніне** орай мектебіміздің ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жетім және патронаттық тәрбиедегі оқушылардың қамқоршыларын шақыртып Наурыз мерекесімен құттықтап, азық-түлік, тәтті тағамдар таратылды.

Мақсаты: оқушыларды айналасындағы адамдарға қуаныш сыйлап, мейірімді қатынас жасай алуы және жақсылықты түсіне білу дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар сүйіспеншілікке, сезімталдыққа, сыпайылыққа, қайырымдылыққа, қамқоршы бола білуге тәрбиелеу.



Аз қамтылған,көп балалы отбасы балаларымен жұмыс.


2024-2025 оқу жылында мектеп-гимназия бойынша аз қамтылған 13 оқушы, көп балалы-592 бала тіркелген.Оқушылардың тұрғын-тұрмыстық актілері жасалды.Әлеуметтік педагогтар ата-аналармен жүйелі байланыста.Ата-аналарға бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру,ата-ананың мектеппен,сыныппен қарым-қатынасының жақсаруы,ата-ананың балаға салауатты өмір салтын насихаттауына кеңестер беріп,пікір алысылды.

Білім алушылардың ата-аналарымен(отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей ата-анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктеріне баса назарға алынып, мектеп психологтары өз бақылауында ұстап отырды.

Мектепшілік ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша түсініктемелер жүргізілді. Ата-аналарға булингтің алдын алу, әлімжеттік бойынша жаднамалар, түсіндірме бейнероликтер арқылы жұмыстар жүргізілді.



Жаңа-жылдық шырша.

2024-2025 оқу жылында Жаңа-жылдық шыршаларды ұйымдастыруда Президент шыршасы, Астана қаласы әкімінің шыршасы,Есіл ауданы әкімдігінде келер жыл әрбір шаңыраққа шуақ болып енсін деген мақсатпен мерекелік шыршалар ұйымдастырды.Мемлекет басшысының атынан шырша мерекесіне мектеп-гимназиядан 2 оқушы шақырылды. Олар – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан

шыққан, ерекше қажеттіліктері бар, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта немесе қоғамдық өмірде жетістікке жеткен дарынды балалар. Балалар үшін түрлі-түске боялған шоу-қойылым ұйымдастырылды.



Жаңа жылдық сыйлық ретінде киім, жұмсақ ойыншықтар, спорттық рюкзактар және т.б. сатып алуға болатын сертификаттар табысталды. Балаларға арналған шырша мерекесін аудан әкімдіктері де ұйымдастырды. Мерекелік шыршада қала әкімі әрбір отбасыға, әр балаға зор денсаулық, бақыт, табыс және армандарының орындалуын тіледі.



№75 мектеп-лицейінің аз қамтылған көп балалы, мүгедек балаларынан, оқуда және спортта жетістігі бар 2 оқушы қала әкімі шыршасына, 10 оқушы Есіл ауданы әкімінің шыршасына жіберілді. Бұйрықтары шығарылып, тізімдері рәсімделді. Есіл ауданы әкімдігі оқушыларға тәтті сыйлықтар таратты.

Мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс.

Мектеп-гимназия бойынша 2024-2025 оқу жылында ЕБҚ ететін 42 оқушының, үйде оқитын 16 оқушының құжаттары рәсімделді. Оқушылардың тұрғын-тұрмыстық актілері жасалып, әлеуметтік тұжырымдамалары толтырылды.

Жазғы демалыс.

Жазғы демалыс – барлық оқушылардың асыға күтетін мезгілі. Себебі дәл осы кезең – қызықты демалыс, көңілді ойындар мен жаңа таныстықтар уақыты. Ал жазғы демалыс барынша пайдалы өтуі үшін аса ұқыпты болу және қауіпсіздік шараларын сақтау қажет екендігі ата-аналар мен оқушыларға ескертілді. Жолда жүру ережелерін сақтап, қоғамдық көлікті пайдалану, көпшілік орындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау, табиғат

аясында,су қоймаларында өз денсаулықтарына ұқыпты болу керектігі ескертілді.

Мектеп-гимназия бойынша 3 оқушы «Барап» жазғы сауықтыру лагеріне жолдама алып,құжаттары рәсімделді.



2024-2025 оқу жылында мектеп-гимназияда «Жасыл Ел» жобасының жиырма бірінші маусымы басталды.Мамыр,маусым,шілде,тамыз айларына сарбаздар қабылданып,құжаттары рәсімделді.Жоба жасөспірімдерді қоршаған ортаны қорғауға,еңбекке баулуға,табиғатты аялауға тәрбиелейді.



Директор жанындағы отырыста,әкімшілік отырыстарында атқарылған жұмыстар анықтамалары жасалып,хабарланды.

Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. «Мектепті ыстық тамақ және буфеттегі тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамын:

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп-ата-ана-оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру.
2. Мектепте атқарылатын әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.

**Әлеуметтік педагогтардың
2024-2025 оқу жылындағы атқарған
жұмыс сараптамасы**

**Әлеуметтік педагог: Уапова А.Т.
Жумабаева Г.Т.**

Астана қаласы

**Әлеуметтік педагогтардың
2024-2025 оқу жылындағы атқарған
жұмыс сараптамасы**

Астана қаласы